

МӘНГІЛІК

ЕЛДІҢ

МАҚТАНЫШЫ

**Е**лбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласы ұлтымызды мемлекеттің тарихи мұрасына, оның тарихи кеңістіктегі өзектілігі мен маңызына мән беруге назарын аудартты.

Бүгінде төл тарихымызға оң көзқарас керек. Бірақ қандай да бір тарихи оқиғаны таңдамалы және конъюнктуралық тұрғыдан ғана сипаттаумен шектелуге болмайды.

Ақ пен қара – бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Бұлар өзара бірлескенде жеке адамдардың да, тұтас халықтың да өміріне қайталанбас реңк береді. Тарихымызда қасіретті сәттер мен қайғылы оқиғалар, сұрапыл соғыстар мен қақтығыстар, әлеуметтік тұрғыдан қауіпті сынақтар мен саяси қуғын-сүргіндер аз болмады. Мұны ұмытуға хақымыз жоқ. Көпқырлы әрі

ауқымды тарихымызды дұрыс түсініп, қабылдай білуіміз керек.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар» кафедрасы ұжымы рухани өсу мақсатында киелі Түркістанға барып қайтты. Қазақ елінің ғана емес, түркі жұртының рухани орталығы, төрт қақпалы Түркістанның бүгінгі дамуы мен халықаралық сахнада танылуына ерекше мән берілгенін аңғаруға болады. Мәңгілік елдің мақтанышы, түрлі мәдениеттер мен өркениеттердің бастауы болған көне шаһарды түркі әлемінің алтын бесігіне айналдыру үшін тың бастамалар көтерілгенін кафедра ұстаздары бірден байқады.

Түркістан қаласының орны халқымыз үшін әу бастан бөлек. Екі ғасыр бойы Қазақ хандығының астанасы болған шежірелі шаһарда тағдырлы шешімдер қабылданды, бәтуалы басқосулар мен келелі кеңестер өткенінен хабардар болып, әр оқытушының жүрегінің төрін

де қасиетті Түркістан қаласына деген мақтаныш сезімі тұрды. Ұлы ойшыл-ағартушы Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың Түркістанда жаққан шамы өшкен жоқ. Керісінше, уақыт өткен сайын Ясауи іліміне деген қызығушылық артып отыр.

Тарихи жәдігерлер қалпына келтіріліп, құрылысы басталған облыстық әмбебап кітапхана, қазақ драма театры, туризм колледжі, Медиа және «Қазақстан-Назарбаев» орталықтары да Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласын аша түсетіндігі ұжымды ризашылыққа бөлеп, жақсы көңіл күймен қайтуға септігін тигізді.

**Н.РАХЫМБЕК,  
М.БАЙЖАНОВА,**

**М.Әуезов атындағы ОҚМУ  
«Ақпараттық коммуникациялық  
технологиялар»  
кафедрасының аға оқытушылары**